

## **ЖОБА**

**Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының дене шынықтыру мұғалімдеріне арналған «Дене шынықтыру мұғалімінің кәсіби құзыреттілігі мен тәжірибесін жетілдіру» тақырыбындағы біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасы**

**Нұр-Сұлтан қ.  
2022 жыл**

## **1. Жалпы ережелер**

Жалпы орта білім беру ұйымдарының педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсы бойынша «Дене тәрбиесі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігі мен тәжірибесін жетілдіру» білім беру бағдарламасы жалпы орта білім беру ұйымдарының дене тәрбиесі пәні мұғалімдеріне арналған.

Бұл бағдарламаның өзектілігі дене тәрбиесі мұғалімнің кәсіби құзіреттілігін дамыту Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін жаңарту процестерімен байланысты. Бағдарламаның өзектілігі және дене шынықтыру мұғалімдеріне білім мазмұнын жаңарту мәнін сәтті игеруде, оның дайындығын қалыптастырудағы негізгі ерекшеліктерін, құрылымын түсініп, оның талаптарын іске асыра білуде қолдау көрсету қажеттілігімен анықталады.

Оқу ұзақтығы - 80 сағат. Бұл бағдарламаны 40 сағаттық біліктілікті арттыру курстарында қолдануға болады. 40 сағаттық біліктілікті арттыру курстарында бір модульдегі сағат саны курсқа қатысушылардың қажеттіліктеріне қарай анықталады.

## **2. Глоссарий**

1. Дене шынықтыру – мәдениеттің құрамдас бөлігі, адамның дене бітімін және интеллектуалдық қабілеттерін дамыту, дене тәрбиесі мен дене бітімін дамыту арқылы оның қозғалыс белсенділігін жетілдіру және саламатты өмір салтын қалыптастыру, әлеуметтік бейімдеу мақсатында қоғам жасайтын және пайдаланатын рухани және материалдық құндылықтар жиынтығын білдіретін әлеуметтік қызмет саласы.

2. Дене шынықтыру даярлығы – адамның дене шынығуы қасиеттерін тәрбиелеуге және функционалдық мүмкіндіктерін дамытуға бағытталған педагогикалық процесс.

3. Дене шынықтыру-сауықтыру және спорт ғимараттары – жеке адамдардың дене жаттығуларымен, спортпен айналысуына және спорттық іс-шараларды өткізуге арналған, арнайы жабдықталған (соның ішінде спорттық мұкамалмен) объектілер (алаңдар, үйлер, ғимараттар).

4. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының тестілері – балалардың, жастардың және ересек тұрғындардың дене шынықтыру даярлығына қойылатын нормативтік талаптардың жиынтығы.

5. Мектеп спорты – бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін білім беру ұйымдарында оқитындардың дене тәрбиесіне, оларды спорттық іс-шараларға қатысуға даярлауға бағытталған спорттың бір бөлігі.

6. Мектептегі спорттық лига – мақсаты мектеп спортын кеңінен таратуға және бір немесе бірнеше спорт түрін дамытуға жәрдемдесу, мектеп оқушыларымен спорттық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу болып табылатын мектеп оқушылары арасындағы спорттық қозғалыс.

7. Спорт түрі – жаттығу ортасы, жарыстастық қызметіндегі дене шынықтыру жаттығуларының немесе интеллектуалдық қабілеттердің жиынтығы және жарыстар қағидалары айырым белгілері болып табылатын спорттың құрамдас бөлігі.

8. Спорттық-бұқаралық іс-шаралар – адамның дене бітімін және зияткерлік қабілеттерін дамытуға, саламатты өмір салтын насихаттауға бағытталған, спорт құрылыстары мен объектілерінде, сондай-ақ спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізуге арналған ашық жерлерде өткізілетін, осы іс-шараларда екі жүз және одан көп көрерменнің бір мезгілде болуы көзделетін іс-шаралар.

9. Ұлттық спорт түрлері – жарыспалы әрекет нысанында тарихи түрде қалыптасқан және өзіне тән дене шынықтыру жаттығуларын және дене шынықтыру белсенділігі ұйымдастырылуының өзіндік қағидалары мен тәсілдері бар халық ойындарын білдіретін спорт түрлері.

10. Бағалау – білім алушылардың оқуда нақты қол жеткізген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелермен әзірленген критерийлер негізінде салыстыру процесі.

11. Бағалау критерийлері – білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауға негіз болатын нақты өлшеуіштер.

12. Білім беру саласы – мәндес оқу пәндерінің жиынтығын қамтитын негізгі орта білім берудің базалық мазмұнының құраушы бөлігі.

13. Білім берудегі құндылықтар – білім алушының тұлғасын қалыптастыруда жетекші фактор болып табылатын жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген оқыту мақсаттарының жүйесін қалыптастырудағы бағдарлар.

14. Білім алушының дайындық деңгейі - тұлғалық, жүйелік-әрекеттік және пәндік нәтижелерінен көрінетін білім алушылардың орта білім мазмұнын меңгеру деңгейі.

15. Білім беру мазмұнын меңгерудің базалық деңгейі - білім алушылардың білім, іскерлік және дағдының міндетті көлемін меңгеру деңгейі.

16. Ерекше білім беру қажеттіліктері – денсаулығына байланысты білім алуда тұрақты немесе уақытша қиындық көріп жүрген, арнайы, жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен қосымша білім беру бағдарламаларына мұқтаж балалардың қажеттіліктері.

17. Жұмыс оқу жоспары - білім алушылардың білім алу қажеттіліктерін ескере отырып, үлгілік оқу жоспары негізінде жалпы орта білім беретін ұйымдар әзірлейтін құжат.

18. Инклюзивті білім беру – барлық тәрбиеленушілердің ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, тәрбие мен оқытуға тең қол жеткізуін қамтамасыз ететін процесс.

19. Негізгі орта білім берудің базалық мазмұны – типіне, түріне және меншік нысанына, сондай-ақ оқыту тіліне қарамастан білім беру ұйымдарында оқып білуге міндетті негізгі орта білім беру мазмұнының құрамы, құрылымы мен көлемі.

20. Оқу жүктемесінің инвариантты компоненті – білім беру ұйымдарында типіне, түріне және меншік нысанына, сондай-ақ оқыту тіліне қарамастан барлық білім алушылардың оқып білуі үшін міндетті оқу пәндерін айқындайтын үлгілік оқу жоспарының құраушы компоненті.

21. Оқу жүктемесінің вариативтік компоненті – білім алушылардың білімге деген қажеттіліктеріне сәйкес білім беру ұйымдары айқындайтын үлгілік оқу жоспарының құраушы компоненті.

22. Оқытудан күтілетін нәтижелер– оқыту процесі аяқталғанда білім алушының нені біліп, түсініп, көрсете алатынын сипаттайтын құзыреттіліктер жиынтығы, оның ішінде білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктері ескеріледі.

23. Сабақтан тыс іс-әрекет – біртұтас оқу-тәрбие процесінің құраушы бөлігі, білім алушылардың бос уақытын ұйымдастыру нысаны.

24. Үлгілік оқу жоспары – оқу пәндерінің тізбесін регламенттейтін және тиісті білім беру деңгейінің оқу жүктемесінің инвариантты және вариативті компоненттерінің көлемін айқындайтын құжат.

25. Формативті бағалау – сыныпта күнделікті жұмыс барысында жүргізілетін бағалау түрі, білім алушылар үлгерімінің ағымдағы көрсеткіші болып табылады, оқыту барысында білім алушылар мен мұғалім арасындағы жедел өзара байланысты, оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және білім беру процесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

### **3. Бағдарлама тақырыбы**

Бағдарлама тақырыбы 6 модульден тұрады:

- 1) нормативті-құқықтық;
- 2) психологиялық-педагогикалық;
- 3) ДШ сабағының жаңа технологиялары;
- 4) дәрігерлік-биологиялық;
- 5) сандық құзреттілік;
- 6) вариативтік.

Вариативтік бөлім кіріс саунамасы бойынша курс тыңдаушылардың сұранысымен құрастырылады.

### **4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер**

**Бағдарламаның мақсаты** дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің теориялық білімдері мен практикалық дағдыларын арттыру негізінде кәсіби құзыреттіліктерін дамыту.

#### **Бағдарламаның міндеттері:**

- білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың стратегиялық бағыттарын іске асыру тетіктері туралы білімді жүйелендіру;

- білім беру мазмұнын және білім беру нәтижелерін бағалауда дене шынықтыруды оқыту мәселелері бойынша білімдерін жинақтау және тереңдету;

- оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, дене шынықтыруды оқытудың белсенді әдістері мен құралдарын таңдаудың негізгі тәсілдерін анықтау;

- оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша оқытуда SMART мақсаттар мен саралауды қалыптастыру;
- оқушылардың денсаулығы мен салауатты өмір салтына бағытталған денсаулық сақтау технологияларының дағдыларын дамыту;
- оқушылардың жетістіктерін критериалды бағалау жүйесіне сәйкес дене шынықтыру бойынша оқу тапсырмаларын бағалау дағдыларын дамыту;
- мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамытуға мүмкіндік беретін сандық құралдар кешенінің теориялық және практикалық негіздемесін кеңейту.

#### **Курсты аяқтағанда тыңдаушылар:**

- білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың стратегиялық бағыттарын іске асыру тетіктері туралы білімді жүйелендіруді біледі;
- білім беру мазмұнын және білім беру нәтижелерін бағалауда дене шынықтыруды оқыту мәселелері бойынша білімдерін жинақтауды және тереңдетуді қолдана біледі ;
- оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, дене шынықтыруды оқытудың белсенді әдістері мен құралдарын таңдаудың негізгі тәсілдерін анықтауды біледі;
- оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша оқытуда SMART мақсаттар мен саралауды қалыптастыруды қолдана біледі;
- оқушылардың денсаулығы мен салауатты өмір салтына бағытталған денсаулық сақтау технологияларының дағдыларын дамытуды игереді;
- оқушылардың жетістіктерін критериалды бағалау жүйесіне сәйкес дене шынықтыру бойынша оқу тапсырмаларын бағалау дағдыларын дамытуды қолдана біледі;
- мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамытуға мүмкіндік беретін сандық құралдар кешенінің теориялық және практикалық негіздемесін практикада қолдана біледі.

### **5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны**

Бағдарлама 6 модульден тұрады:

- 1) нормативті-құқықтық;
- 2) психологиялық-педагогикалық;
- 3) ДШ сабағының жаңа технологиялары;
- 4) дәрігерлік-биологиялық;
- 5) сандық құзреттілік;
- 6) вариативтік.

Вариативтік бөлім кіріс саулнамасы бойынша курс тыңдаушылардың сұранысымен құрастырылады.

#### **Бағдарлама мазмұны**

##### **Нормативті–құқықтық модульде**

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы (2021 ж. 01 шілдедегі өзгерістер мен толықтырулармен);

2. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ЗРК Заңы (07.07.2020 жылғы өзгертулер мен толықтырулармен);

3. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 30 шілдедегі «Дене шынықтыру және спорт» Заңы (13.12.2019ж. өзгертулер мен толықтырулармен);

4. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 9 наурызда № 13420 болып тіркелді.);

5. «Пандемия кезінде білім беру ұйымдарында COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуын болдырмау жөніндегі шараларды күшейту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 1 сәуірдегі №123 бұйрығы.;

6. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы;

7. **ЖАҢА ЖАҒДАЙДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН: ІС-ҚИМЫЛ КЕЗЕҢІ.** Мемлекет Басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы;

8. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың цифрландыру үдерісін жеделдету жөніндегі тапсырмасы (Реформалар жөніндегі Жоғарғы Кеңестің 2020 жылғы 9 желтоқсандағы отырысы);

9. «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №137 бұйрығы;

10. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 11 қыркүйектегі №370 бұйрығымен бекітілген ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдары түрлері қызметінің типтік ережелері;

11. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім) (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 өзгерістер мен толықтырулармен)(дене шынықтыру білім беру саласы);

12. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген (2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 өзгерістер мен толықтырулармен) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің типтік оқу жоспарлары;

13. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің типтік оқу бағдарламалары (2018 жылғы 10 мамырдағы №199; 2017 жылғы 25 қазандағы №545; 2017 жылғы 3 сәуірдегі №352 өзгертулер мен толықтырулармен)

14. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурыздағы «Білім алушылардың үлгеріміне, аралық және қорытынды аттестаттауына ағымдағы мониторинг жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы» №125 бұйрығы (бұйрықтың редакциясымен) Дене шынықтыру сабақтарында әрбір оқушыны объективті, жеке бағалау мақсатында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі 2018 жылғы 09 ақпандағы №47.)

**Психологиялық –педагогикалық модульде:** Мектеп оқушыларының жасқа байланысты дамуының психологиялық заңдылықтары. Даму психологиясының жалпы түсініктері. Даму психологиясының негізгі категориялары. Қозғалыс әрекеттерін тану және меңгеру психологиясы. Әлем және сана туралы білім. Танымдық психикалық процестер және олардың даму принциптері. Дене тәрбиесіндегі таным. Адам іс-әрекетіндегі әрекет түрлері.

**Дене шынықтыруды оқытудың қазіргі заманғы технологиялары модульде:** білім беру және тәрбие жүйесіндегі дене шынықтырудың мақсаттары мен міндеттері зерделенеді. Мектептегі дене шынықтырудың заманауи педагогикалық технологиялары. Дене шынықтыруды жоспарлаудың жаңа тәсілдері мен стратегиялары. Дене шынықтыру сабағында саралап оқыту, қалыптастырушы, критериалды бағалау. Спорт түрлерін оқыту әдістемесі: жеңіл атлетика, баскетбол, волейбол, футбол бойынша заманауи оқу-тәрбие процесінің аспектілері.

**Дәрігерлік-биологиялық модульде:** Дене шынықтыру сабақтарында білім алушының денсаулығының жай-күйін, функционалдық мүмкіндіктерін және физикалық көрсеткіштерін тексеру әдістері. Спорттық секцияларда жаттығушы мектеп оқушыларын дәрігерлік және биологиялық бақылау. Мектеп жасындағы артық салмақты балалардың дене жүктемесі мен тамақтануы. Белсенді демалыс іс-шараларын мектеп жасындағы балалардың денсаулығын жақсарту құралы ретінде пайдалану (физикалық жұмыс қабілетін жоғарлату және резервтік мүмкіндіктері бар жүктемелердің ғылыми-әдістемелік негіздемесі) оқытылады.

**Сандық құзреттілік модульде:** Ақпараттық-коммуникацияларды пайдалану технологиялары. Видео материалдарды өңдеу әдістемесі және оларды презентацияда пайдалану технологиясы оқытылады.

## **6. Оқу процесін ұйымдастыру**

Біліктілікті арттыру курстары қашықтықтан оқыту түрде ұйымдастырылады.

Оқу үдерісі осы Бағдарламаға сәйкес оқу-тақырыптық жоспар бойынша ұйымдастырылады

Оқу үдерісі оқытудың келесі интерактивті түрлері мен әдістерін қамтиды: дәрістер, семинар, тренингтер, практикалық жұмыс, шеберлік сабақтар, бейнефильмдерді талқылау, сұрақтарды бірлесіп шешу.

## **7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі**



Курстың оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуіне мыналар кіреді:

- нұсқаулық,
- бейне материалдар,
- интернет ресурстар,
- үлестірме материалдар.

## **8. Оқу нәтижелерін бағалау**

Оқыту нәтижелерін бағалау

80 сағат көлеміндегі оқу нәтижелерін бағалау:

- курстық тақырыптар бойынша тестілеу,
- біліктілікті арттыру курстарына қанағаттану туралы сауалнама

жүргізу.

40сағат көлеміндегі оқу нәтижелерін бағалау:

- курстық тақырыптар бойынша тестілеу,
- біліктілікті арттыру курстарына қанағаттану туралы сауалнама

жүргізу.

## **9. Курстан кейінгі қолдау**

Курстан кейінгі қолдау:

1. курстардан өткен педагогтерге бірінші күнтізбелік жыл бойы семинарлар, вебинарлар, on-line кеңестер әдістемелік көмек ұйымдастыру;
2. конференцияларға, семинарларға қатысуға тарту;
3. озық іс-тәжірибелерін, мақалаларын «Дене шынықтыру жаршысы» ғылыми-практикалық журналына және БАҚ жариялау.

## **10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі**

**Негізгі әдебиеттер:**

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы (2021 ж. 01 шілдедегі өзгерістер мен толықтырулармен);
2. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ЗРК Заңы (07.07.2020 жылғы өзгертулер мен толықтырулармен);
3. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 30 шілдедегі «Дене шынықтыру және спорт» Заңы (13.12.2019ж. өзгертулер мен толықтырулармен);
4. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 9 наурызда № 13420 болып тіркелді.);
5. «Пандемия кезінде білім беру ұйымдарында COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуын болдырмау жөніндегі шараларды күшейту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 1 сәуірдегі №123 бұйрығы.;



6. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы;

7. ЖАҢА ЖАҒДАЙДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН: ІС-ҚИМЫЛ КЕЗЕҢІ. Мемлекет Басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы;

8. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың цифрландыру үдерісін жеделдету жөніндегі тапсырмасы (Реформалар жөніндегі Жоғарғы Кеңестің 2020 жылғы 9 желтоқсандағы отырысы);

9. «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №137 бұйрығы;

10. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 11 қыркүйектегі №370 бұйрығымен бекітілген ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдары түрлері қызметінің типтік ережелері;

11. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім) (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 өзгерістер мен толықтырулармен)(дене шынықтыру білім беру саласы);

12. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген (2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 өзгерістер мен толықтырулармен) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің типтік оқу жоспарлары;

13. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің типтік оқу бағдарламалары (2018 жылғы 10 мамырдағы №199; 2017 жылғы 25 қазандағы №545; 2017 жылғы 3 сәуірдегі №352 өзгертулер мен толықтырулармен)

14. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурыздағы «Білім алушылардың үлгеріміне, аралық және қорытынды аттестаттауына ағымдағы мониторинг жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы» №125 бұйрығы (бұйрықтың редакциясымен) Дене шынықтыру сабақтарында әрбір оқушыны объективті, жеке бағалау мақсатында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі 2018 жылғы 09 ақпандағы №47.)

15. «Білім мазмұнын жаңарту аясында (5-9-сыныптарда) «Дене шынықтыру» пәнін оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2018. – 89 б.

16. Физическая культура в XXI веке: Концептуальные основы, инновационные методики и модели образовательных практик: монография/под.ред. А.Э. Страдзе, И.М. Быховской.-Москва; Берлин: Директ-Медиа, 2019.-288с.

17. Л.П. Матвеев. Общая теория спорта и ее прикладные аспекты. учебник для вузов физической культуры и спорта/Л.П.Матвеев.-6-е изд.-М.. Спорт, 2019.-342с:ил.

18. Холодов, Ж.К. Теория и методика физического воспитания и спорта / Ж.К. Холодов, В.С. Кузнецов. – М.: Академия, 2010. – 419 с.

#### **Қосымша әдебиеттер:**

1. Макаридин, Д.Н. Дифференцированное физкультурное образование учащихся 10-11 классов общеобразовательной школы в зависимости от обученности и уровня развития физических способностей : автореф. дис. ... канд. пед. наук : 13.00.04 / Д.Н. Макаридин; ТГУ. - Тюмень, 1999. - 19 с.

2. Шевцов, В.В. Физкультурное образование учащихся кадетских классов = Sports Education of Pupils in Cadet Classes / В.В. Шевцов // Физическая культура: воспитание, образование, тренировка. - 2005. - № 2. -С. 55-10.

3. Мартыненко И.И. Теория и методика спортивных игр (специализация): учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 166 с.

4. Мартыненко И.И. Основы детско-юношеского спорта: учебно-методическое пособие / И.И. Мартыненко. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 122 с.

5. Селуянов, В. Н. «Определение одаренности и поиск талантов в спорте» / В.Н. Селуянов, Шестаков М. П. – М.: Спортакадем –пресс, 2000. – 210 с.

6. Годик, М. А. «Физическая подготовка футболистов» / М.А. Годик – М.: Терра-спорт, 2006. – 250 с.

7. Губа, В.П. Особенности отбора в баскетболе / В.П. Губа. - М.: Физкультура и спорт, 2019. - 821 с.

8. Ивойлов, А. В. Волейбол / А.В. Ивойлов, К.Б. Герман, Э.К. Ахмеров. - М.: Высшая школа, 2017. - 144 с.

9. Костикова, Л. В. Баскетбол / Л.В. Костикова. - М.: Физкультура и спорт, 2019. - 176 с.

10. Башкин, С. Уроки по баскетболу / С. Башкин. - М.: Физкультура и спорт, 2015. - 184 с.

11. Жилкин А. И. Легкая атлетика: Учеб, пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений / А. И. Жилкин, В. С. Кузьмин, Е. В. Сидорчук. – 2-е изд., стер. – М.: Издательский центр «Академия», 2005. – 464 с.

12. Горбунов Г.Д. Психология физической культуры и спорта.- М:Академия,2018-226 с.

13. Радионов А.В. Психология физического воспитания и спорта: Учебник для вузов.- Академический Проект, Фонд «Мир», 2018г.

## Курстың оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақтың тақырыптары	Деріс	Практикалық сабақ	Шеберлік сабақ	Барлығы
<b>1</b>	<b>Нормативтік – құқықтық модуль</b>	<b>8</b>			<b>8</b>
1.1	«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт» Заңы.	4			4
1.2	Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты ("Дене шынықтыру" білім беру саласының мазмұны). Дене шынықтыру үлгілік оқу жоспарлары және пәндік бағдарламалар.	4			4
<b>2</b>	<b>Психологиялық – педагогикалық модуль</b>	<b>6</b>	<b>2</b>		<b>8</b>
2.1	Мектеп жасындағы балалардың жас дамуының психологиялық заңдылықтары. Даму психологиясының жалпы түсініктері.	2			2
2.2	Ерекше қажеттіліктері бар балаларды психологиялық және педагогикалық қолдау.		2		2
2.3	Қозғалыс әрекеттерін тану және меңгеру психологиясы.	2			2
2.4	Өлем және сана туралы білім. Танымдық психикалық процестер және олардың даму принциптері.	2			2
<b>3</b>	<b>ДШ оқытудың қазіргі заманғы технологиялары</b>	<b>16</b>	<b>17</b>	<b>9</b>	<b>42</b>
3.1	Білім беру және тәрбие жүйесіндегі дене шынықтырудың мақсаттары мен міндеттері, күтілетін нәтижелер	2			2
3.2	Мектептегі дене шынықтырудың гуманистік педагогикалық ұйымдастыру заманауи технологиялары	2			2
3.3	Дене шынықтыруды жоспарлаудың (ұзақ мерзімді, орта, қысқа мерзімді, SMART мақсат) тәсілдері мен стратегиялары.	2	1	1	4
3.4	Инклюзивті білім берудің принциптері мен		4		4

	бағыттары				
3.5	Оқушылардың жетістіктерін форматты бағалау: критерийлер мен дескрипторлар, рефлексия және тиімді кері байланыс	2			2
3.6	Влейбол бойынша заманауи оқу-тәрбие процесінің аспектілері.	2	3	2	7
3.7	Баскетбол бойынша заманауи оқу-тәрбие процесінің аспектілері.	2	3	2	7
3.8	Футбол бойынша заманауи оқу-тәрбие процесінің аспектілері.	2	3	2	7
3.9	Жеңіл атлетика бойынша заманауи оқу-тәрбие процесінің аспектілері.	2	3	2	7
<b>4</b>	<b>Дәргерлік-биологиялық модуль</b>	<b>6</b>	<b>4</b>		<b>10</b>
4.1	Дене шынықтыру сабақтарында оқушылардың денсаулығының жай-күйін, функционалдық мүмкіндіктерін және физикалық көрсеткіштерін тексеру әдістері.	1	1		2
4.2	Спорттық секцияларда жаттығушы мектеп оқушыларын дәрігерлік және биологиялық бақылау.	1	1		2
4.3	Дене тәрбиесі сабақтарында арнайы медициналық топтың жұмысын ұйымдастырудың ерекшеліктері.	2			2
4.4	Белсенді демалыс іс-шараларын мектеп жасындағы балалардың денсаулығын жақсарту құралы ретінде пайдалану (физикалық жұмыс қабілетін жоғарлату және резервтік мүмкіндіктері бар жүктемелердің ғылыми-әдістемелік негіздемесі).	2			2
4.5	Дене шынықтыру сабақтарында арнайы медициналық топтың жұмысын ұйымдастырудың ерекшеліктері		2		2
<b>5</b>	<b>Сандық құзреттілік модуль</b>	<b>3</b>	<b>5</b>		<b>10</b>
5.1	Сабақта ақпараттық – коммуникацияларды пайдалану технологиялары.	1	2		3
5.2	ҚО техникалық сервистер мен инструменттер	1	1		3
5.3	Видео материалдарды өңдеу әдістемесі және оларды презентацияда пайдалану технологиясы.	1	2		3
<b>6</b>	<b>Вариативтік модуль</b>	<b>4</b>			<b>4</b>
	<b>Барлығы:</b>	<b>43</b>	<b>28</b>	<b>9</b>	<b>80</b>

**Ескертпе:** 1 академиялық сағат – 45минут.

